

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Бағалы қағаздардың биржалық
сауда-саттығының Ережелеріне

R2 Қосымшасы

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар
жөніндегі Ұлттық комиссиясы
Директоратының

1999 жылдың 24 маусымындағы
№ 353 Қаулысымен

Бекітілді

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ мүшелері
Жалпы жиналысының шешімімен

(1999 жылдың 07 маусымындағы
№ 3 хаттамасы)

Қ а б ы л д а н д ы

1999 жылдың 05 шілдесінен бастап

Қолданысқа енгізілді

**Есеп айырысу мерзімдерін бұзғаны үшін
жауапкершілік туралы**

ҚАҒИДА

Алматы қ.

1999

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 Өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ "К", "Р", "Н" санатындағы мүшелер жиналысының шешімімен қабылданған (2000 жылдың 18 мамырындағы № 2 хаттама);
- Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 2000 жылдың 08 маусымындағы № 621 Қаулысымен бекітілген;
- 2000 жылдың 01 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілген.

2. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2004 жылдың 15 қаңтарындағы №1(з) хаттама) биржаның барлық ішкі құжаттарында ""Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы" сөздері ""Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы" сөздеріне тиісті септіктерде ауыстырылды, сонымен бірге ""Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ" қысқартылған атауы ""Қазақстан қор биржасы" АҚ" деп ауыстырылды.

3. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2005 жылдың 14 сәуіріндегі №7 хаттама) биржаның барлық ішкі құжаттарында ""Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" жабық акционерлік қоғамы" аталған барлық жерлерде ""Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" жабық акционерлік қоғамы" сөздері ""Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" акционерлік қоғамы" сөздеріне тиісті септіктерде ауыстырылды, сонымен бірге ""Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" ЖАҚ" қысқартылған атауы ""Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ" деп ауыстырылды.

Осы Қағидада пайдаланылған ұғымдар келесіні білдіреді:

"Биржа" – Қазақстан қор биржасы;

"ҚБЕАО" – "Қазақстан Республикасының қазақстандық банкаралық есеп айырысу орталығы" мемлекеттік кәсіпорын;

"Орындамау" – орындамау, уақытылы орындамау немесе толық орындамау;

"Төлем" – биржалық сауда-саттықта жасалған мәмілелерден туындайтын міндеттемелерді орындауға орай қазақстандық теңгемен ақшалай төлем немесе қаржы құралдарын жеткізу;

"Есептесу мерзімдері" – биржалық сауда-саттық барысында жасалған мәмілелерден туындайтын міндеттемелер бойынша Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленген есеп айырысу мерзімдері;

"Тарап" – Биржа немесе ол өткізетін сауда-саттыққа қатысушысы;

"Төлем сомасы" – биржалық мәмілені орындауға орай жеткізілім жүзеге асырылуы тиіс, мәміле бағасы бойынша қазақстандық теңгемен ақшалай төлем сомасы немесе қаржылық құралдың жеткізілім көлемі.

I бөлім. ЖАУАПКЕРШІЛІК АРТУДЫҢ НОРМАЛАРЫ МЕН ФОРМАЛАРЫ

1 бап. Жауапкершілік артудың нормалары

1. Есеп айырысу мерзімдерін бұзушылығы үшін тарапты кінәлі деп мойындау және осындай тәртіп бұзушылығына жауапкершілік артуды Биржаның Төрелік комиссиясы жүзеге асырады.
2. Есеп айырысу мерзімдерін бұзушылығы үшін жауапкершілік тек нақты төлемді орындамаған тарапқа ғана жүктеледі.
Өзге тұлғалардың әрекеттері немесе әрекетсіздігі салдарынан (соның ішінде сауда-саттыққа қатысушы мәртебесі барлары) есеп айырысу мерзімдерін бұзушылыққа әкеп соқтырғаны үшін, осындай тұлғалар атынан әрекет еткен немесе олар арқылы төлем жасаған тарап жауапты болады.
3. Кінәлі болып мойындалған сауда-саттыққа қатысушысы басқа сауда-саттыққа қатысушылардың пайдасына, есеп айырысудың мерзімдерін бұзуы нәтижесінде, орындалмаған өз төлемін немесе Биржа төлемдерінің үлкендігіне қарай жауапкершілік артады.
4. Екі немесе одан аса тараптар кінәлі болып мойындалған жағдайда жауапкершілік олардың арасында бөлінеді.

2 бап. Жауапкершілік формасы

1. Кінәлі болып мойындалған тарап өсімақы төлейді.
2. Есеп айырысу мерзімдерін сауда-саттыққа қатысушысы елеулі немесе бірнеше рет бұзған жағдайда, оған өсімақы төлеу міндеттемелерінен басқа, Биржа Басқармасының шешімімен сауда-саттыққа қатысудан шеттетілуі немесе Биржалық кеңестің шешімімен Биржа мүшелігінен шығарылуы мүмкін.

II бөлім. ӨСІМАҚЫНЫ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ

3 бап. Өсімақыны есептеу

1. Өндірілетін өсімақы сомасын Биржаның Төрелік комиссиясы есептейді.
2. Өсімақы $S \times P \times D$ деп есептеледі, мұнда:
 S – осы Қағиданың 1 бабының 3 тармағына сәйкес анықталған, орындалмаған төлем сомасы;

- P – 0,1%, егер басқасы биржаның ішкі құжаттарымен белгіленбесе *(осы абзац Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 200 жылдың 08 маусымындағы қаулысымен өзгертілген)*;
- D – есеп айырысу мерзімін бұзған күннен бастап (осы күнді қоса) тәртіп бұзушылық жойылған күнге дейінгі күнтізбелік күндер саны.
3. Өсімақы қазақстандық теңгемен есептеледі.

4 бап. Өсімақыны төлеу

1. Өсімақы Биржаның Төрелік комиссиясы тиісті шешімін қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күн аралығында, шешім қабылдаған күнді есептемегенде, қазақстандық теңгемен төленуі тиіс.
2. Өсімақыны:
 - сауда-саттыққа қатысушылары – Биржаның ақшалай есеп-шотына өсімақы сомасын аудару арқылы;
 - Биржа – өсімақы сомасын алушы – сауда-саттыққа қатысушының банктегі шотына¹ ақша аудару арқылы төлейді.
3. Сауда-саттыққа қатысушының пайдасына өндірілген, Биржаның ақшалай шотына түскен өсімақы, олардың банктегі шоттарына екі жұмыс күн аралығында аударылады.
4. Биржа алдында өсімақы төлеу бойынша орындалмаған міндеттемелері бар Сауда-саттыққа қатысушылары Биржа өткізетін барлық қаржы құралдарының сауда-саттықтарына, осындай міндеттемелерін толық орындамағанға дейін жіберілмейді.

5 бап. Биржа төлейтін тұрақсыздық төлемін шектеу

Биржа төлейтін айыппұл сомасы, төлемі орындалмаған қаржы құралы бойынша биржалық мәміледен алған, есеп айырысу мерзімін бұзған күннен өсімақы төлеу күніне дейінгі кезеңге, комиссиялық алым сомасымен шектеледі.

III бөлім. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШТЕР ЖАҒДАЙЫ

6 бап. Еңсерілмейтін күштер жағдайы ұғымы

1. Еңсерілмейтін күштер жағдайы деп:
 - а) өрт, жер сілкінісі және өзге де табиғи апаттар, соғыс, лаңкестік актілер, халықтың наразылық қозғалыстары, ереуілдер, эмбарго, мемлекеттік органдардың орнатқан тыйымдары мен шектеулері;
 - б) ҚБЕАО, "Орталық бағалы қағаздар депозитарий" АҚ бағдарламалық-техникалық құралдарының бұзылуы *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2005 жылдың 14 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*.
2. Осы баптың 1 (а) тармағында аталған, еңсерілмейтін күштер жағдай орын алғандығын және оның ұзақтылығын растайтын құжат, Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасының немесе тиісті мемлекеттеің өзге де құзіретті органының (ұйымының) анықтамасы болып табылады;

¹ Сауда-саттыққа қатысушының алдындағы міндеттемелерін орындауға орай Биржадан аударылатын қазақстандық теңгемен ақша қаражаттарын есепке қосуға арналған, сауда-саттыққа қатысушының банктегі немесе банктік емес қаржылық мекемедерегі есеп-шоты, және тиісті түрде рәсімделген оның деректемелері Биржаға беріледі.

3. Осы баптың 1 (б) тармағында аталған еңсерілмейтін күштер жағдайының орын алуын және оның ұзақтылығын растайтын құжат, 1 (б) тармағында белгіленген тисті ұйымның жетекшісі қол қойған анықтама болып табылады.
4. Анықтама, 1 (б) тармағында мазмұндалған жағдайлар туындаған сәттен бастап жеті күнтізбелік күн аралығында Биржаға берілуі тиіс.
5. Жеке қаржы құралдары бойынша есеп айырысуды реттейтін, Биржаның ішкі нормативтік құжаттарымен еңсерілмейтін күштер жағдайларының қосымша тізімі белгіленуі мүмкін.

7 бап.

Еңсерілмейтін күш жағдайы пайда болуының салдары

1. Егер тараптардың есеп айырысу мерзімдерін бұзғаны, биржалық саудасаттық өткізгеннен кейін пайда болып, еңсерілмейтін күштер жағдайының әсерінен туындаса және оны тараптар алдын ала болжай алмаған және алдын аламаған болса, тараптар осындай тәртіп бұзушылық үшін жауапкершіліктен босатылады.
2. Еңсерілмейтін күш жағдайы салдарынан төлемдерді орындауы мүмкін емес болған тарап, осы төлемдер бойынша бенефициарларды осындай жағдайлар туындағаны, осындай жағдайдың ұзақтылығы және аяқталуы туралы дереу хабарлауы тиіс.
3. Еңсерілмейтін күштер жағдайы пайда болған кезде, есеп айырысу мерзімдері осындай жағдайлар мерзіміне сәйкес уақытқа жылжытылады.

Президент

Д.Б.Қарасаев